# XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ



XX ғасырдың басында Қазақстанның тарихи өмірінде елеулі өзгерістерге толы, аса бір алмағайып оқиғалар болған еді. Атап айтқанда, бұл кезеңде Қазақстан территориясы Ресей империясының ішкі отарына айналып, өзінің саяси-экономикалық дербестігінен айырылған, орыс мемлекетінің құрамдас бөлігі ретінде танылды. Бірнеше ғасыр бойы ұлы далада қалыптасқан көшпелі цивилизацияның рухани, мәдени, саяси- құқықтық жүйелері дағдарыс шырмауығына маталып, қазақ қоғамында бұрын мүлде беймәлім болып келген құбылыстардың орын тебе бастағанына Ресей ықпалы тигендігі анық еді.



*XX ғ. басында өлкеде қала халқының өсу бағыты байқалды. 1897-1914 жылы аралығында барлық облыстарындағы қалалар халқы 1,5 еседен астамға өсті . Қалада неғұрлым ірі әлеуметтік топ сауда буржуазиясы болды, олар тұрғындардың 20,3 процентін құрады*




Қалалықтардың

*33,1% тау-кен, кең қазып шығару және тамақ өнеркәсіптерінде істеді.*

*20 проценті ауыл шаруашылығымен және кәсіпшіліктермен шұғылданды*



**Өлкенің ХХ ғасырдың басында тау-кен өнеркәсібінің басты салаларының бірі алтын шығару болды. Екібастұз, Қарағандыда, Саранда көмір кен орындары пайдаланылды. Қазақстанның экономикалық өмірінде негізінен өлкенің батыс және солтүстік-шығыс аймақтарында орын тепкен тұз өндіру кәсіпшіліктері маңызды рөлге ие болды. Тұз жергілікті мұқтаж үшін де, сол сияқты шетке шығару үшін де өндірілді.**



Валяніе кошмы (войлока).

*XIX ғ. аяғында – XX ғ. басында Қазақстанда егіншілікпен айналысу барған сайын кең тарады. Егіншілік Сырдария облысының Шымкент пен Әулиеата уездерінде басым болды. Бұларда әрбір тұқым себуші шаруашылыққа егістік жер орта есеппен 10,7 десятинадан келді.*

- 1910 жылы
- 1904 жылы
- 1912-1914 жж.
- 1911 жылы
- 1917 жылы
- 1917 жылға дейін

- Жетісу облысының Қапал уезінде қазақ шаруашылықтарының 81 проценті, ал Верный уезінде 79,3 проценті егіншілікпен айналысты. Қостанай уезінде егіншілікпен қазақ үй қожалықтарының 88 проценті шұғылданып, олар әрбір тұқым себуші шаруашылыққа 22,2 десятина жерден келетін 107440 десятина егісттікке тұқым сепкен.

► *Лондонда пайда болған Спасск мыс кендерінің ағылшын-француз акционерлік қоғамы Спасск-Успенск мыс кені мен заводын, Саран-Қарағанды таскөмір кенін, темір рудниктерін сатып алды. Қоғамның акциялары ұстаушылар американдықтар, немістер, шведтер, австриялықтар және басқалар болды*

►*Мұнай кен орындарын пайдаланумен иелері ағылшын капиталистері болған «Батыс – Оралдық мұнай қоғамы», «Орал-Ембі қоғамы» және «Солтүстік-Каспий мұнай компаниясы» айналысты. Арзан жұмысшы күні, бақталастықтың болмауы, мұнайдың бай кен орындары жыртқыштықпен пайдаланған жағдайда қожаларына ұшан-теңіз пайда әкеліп жатты. Тұтас алғанда өлке өнеркәсібінде ауылшаруашлық шикізаттарын өңдейтін: теріден былғары жасайтын, май шығаратын, сабын қайнататын, арақ, спирт шығаратын, май шайқайтын және басқа кәсіпорындар басым болды.*

► Қазақстанда барлығы 2793 шақырымы темір жол төселді, соның 2557 шақырымы жалпылай пайдаланатын және тек 236 шақырымы ғана жергілікті маңызы бар жолдар еді.

► Орынбор – Ташкент теміржолының Тоғыз – Сапақ станциялары аралығындағы учаскіде 467 теміржолшының 381-і жұмысшы, ал солардың 47 проценті қазақтар болды. Бір күндік мерзіммен істейтін 248 жұмысшының 173-ін, яғни 70 процентін қазақтар құрады. Бұл негізінен алғанда аз ақы төленетін жол жөндеуші жұмысшылар, жүкшілер, ат айдаушылар және әртүрлі қара жұмысты істейтіндер болатын. Тұтас алғанда 1917 жылы өлкенің 30 мың теміржолшысының 5-6 мыңдайы немесе 20 проценті қазақтар болды.

►Ертіспен 73 пароход және 214 бусыз кемелер мен баржылар жүзіп жүрді. Бұлардың негізгі бөлігі Омбы мен Семей арасында жүк тасумен шұғылданды. Өлкеде көлік арбалар кеңінен пайдаланылды. Олармен Семей – Верный – Ташкент, Орынбор – Гурьев, Петропавл – Көкшетау – Ақмола жолдарымен жүк тасылды.

***Өздеріне алалаушылық жасалып, құқықтарынан айыру қолданылған қазақ жұмысшылары ерекше ауыр жағдайда болды. Теңдей атқарған жұмысы үшін қазақ жұмысшылары жалақыны орыс жұмысшыларынан әлдеқайда кем алды. Осының бәрі: төмен жалақы, көптеген салықтар, кем өлшеп, кем есептеу және өкімет пен қожайындардың тағы басқа озбырлық жасау түрлері, еңбектің, тұрғын үй тұрмыстық айыр жағдайлары жұмысшыларды өздерінің экономикалық және саяси жағдайларын жақсарту үшін күреске итермеледі.***

# Назарларыңызға рахмет♥

*Орындаған:Елшібай Ақжан*
*ЖМ 17-004-01*